

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі
Семей Қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Аграрлық факультет «Ветеринарлық медицина» кафедрасы

СӨЖ

Жалпы этиология
Патогенез

Орындаған: Тұрсынова Диана

Жоспар:

- Глоссарий
- Жалпы этиология
- Ауру себептері
- Жұқпалы және жұқпалы емес аурулар
- Жалпы патогенез
- Аурудың патогенезі негізінде емдеу жолдары.
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Патогенез (грек: *pathos* — зардап шегу, ауру, *genesis* - шығу тегі) дегеніміз — мал ауруының пайда болу механизмі, оның дамып жетілуі туралы ілім.

Этиология (грек. *aitia* – себеп және *logos* – ілім) – аурудың пайда болу себептері мен оған қолайлы жағдайларды зерттейтін ілім. Аурудың негізгі себебі ішкі (эндогенді) және сыртқы (экзогенді) жағдайлардан туындайды.

Реактивтілік – организмнің сыртқы орта ықпалдарының әсерлеріне белгілі түрде жауап беру қабілеті.

Төзімділік (резистенттік) – ауру туындататын ықпалдарға организмнің тұрақтылығы

Этиология – себеп туралы ғылым (aitia-себеп, logos-ғылым). Медицинада этиология – аурудың себебі, пайда болу жағдайы, дамуы туралы ғылым.

Аурудың себебі – ауру тудыратын фактор.


Ауру себептері шартты түрде эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) болып бөлінеді.

Аурудың эндогендік себептері туа немесе жүре пайда болған организмнің дұрыс дамымауымен байланысты болуы мүмкін.


Аурудың экзогендік себептеріне сыртқы ортаның организмге әсер ететін факторлары жатады, олар механикалық, физикалық, химиялық және биологиялық болып бөлінеді

Ауру себептері шартты түрде бөлінеді

Эндогендік (ішкі)

An empty white rectangular box with a pink border, intended for listing endogenous causes of disease.

Экзогендік (сыртқы)

An empty white rectangular box with a pink border, intended for listing exogenous causes of disease.

Аурудың эндогендік себептері туа немесе жүре пайда болған организмнің дұрыс дамымауымен байланысты болуы мүмкін.

- *Тұқым қуалаушылық*
- *КОНСТИТУЦИЯ*
- *Жасы мен Жынысы*

Аурудың экзогендік себептеріне сыртқы ортаның организмге әсер ететін факторлары жатады

МЕХАНИКАЛЫҚ

- физикалық

ХИМИЯЛЫҚ

- биологиялық

Механикалық күштердің әсері:

- ◎ Соғу
- ◎ Қысу
- ◎ Кесу

Физикалық факторлар:

- дыбыстың және шудың әсері
- барометрлік қысымның өзгеруі
- жоғары және төменгі температураның әсері
- күн сәулесі, лазерлік сәуле
- электрлік ток
- радиация
- космосқа ұшудағы факторлар (үдеу, салмақсыздық).

Химиялық факторлар – органикалық және неорганикалық қосындылар

- алкоголь
- дәрілік препараттарды жөнсіз қолдану
- ауыр металдар және тұздар
- организмде витаминдердің, микроэлементтердің, ақуыздың, көмірсудың, майлардың
- жетіспеушілігі немесе артықшылығы
- пестицидтер (инсектицидтер, гербицидтер т. б.)
- өнеркәсіп шаңдары
- қышқылдар мен сілтілер
- ароматты (иісті) көмірсутегілер.

Биологиялық факторлар:

- микроорганизмдер (бактериялар, вирустар, хламидиялар, микоплазма, саңырауқұлақтар) және олардың өмір сүру заттары
- гельминттер, қарапайым паразиттер
- бунақ нежелілер (шаян, скорпион) насекомдар
- биологиялық препараттар – антитоксикалық сарысулар, вакциналар, қан т.б.

Әлеуметтік факторлар:

- ◎ қоғамдық қатар (общественный строй) – оның халыққа қамқорлығы, медициналық көмегі, санитарлық-гигиеналық жұмыстары
- ◎ ақпараттар мазмұны
- ◎ ятрогения – дәрігердің абайсызда айтқан сөздерінен туған психосоматикалық бұзылыстар.

Ауру себептеріне байланысты:

- Жұқпалы (індетті) аурулар
- Жұқпалы емес аурулар

Жұқпалы індетті аурулардың түрлері:

- ◎ Вирустық
- ◎ Бактериалдық
- ◎ Лейкоздар
- ◎ Микотоксикоздар



• Жұқпалы емес аурулар тұқым және даму ақаулары, механикалық жарақаттар, химиялық, физикалық тітіркендіргіштердің ықпалынан және жануарларды азықтандыру, күтіп-бағу, жұмысқа пайдаланудың бұзылуына байланысты пайда болатын аурулар.



□ Аурулардың пайда болуына, дамуына әсер ететін факторлар – аурудың даму жағдайы деп аталады.

Аурудың ішкі даму жағдайы – патологиялық конституция (диатез), ерте балалық және кәрілік шақ, тұқым қуалаушылыққа бейімділік.

Аурудың сыртқы даму жағдайы – тамақтанудың бұзылуы, шаршағандық, невротикалық жағдай, науқастың нашар күтімі, бұрынғы аурулар.

Патогенез – (pathos - қиналу, genesis - ата тегі) – патологиялық физиологияның аурудың даму механизімін зерттейтін бөлімі, ол алғашқы зақымданудан басталады. Алғашқы зақымдану айқын, анық (травмалар, жарақаттар), және арнайы зерттеу тәсілдерінсіз көрінбейтін (молекулярлық деңгейдегі) болуы мүмкін.

- Аурудың дамуында жарақаттану және қалпына келу үрдістері тығыз байланысты. Аурудың әр кезеңінде қорғаныс – компенсаторлы үрдістер молекулярлы және жасуша деңгейінде дамиды. Патологиялық үрдістер мен аурулардың дамуында негізгі тізбекті анықтаудың маңызы өте зор, өйткені осы тізбектің бөлігін жойғанда сауығуға әкелуі мүмкін.
- Патогенез тізбегінің негізгі буыны білмей патогенетикалық ем жүргізу мүмкін емес. Патологиялық үрдіс кезінде пайда болатын ағзалар мен жүйелердегі өзгерістер «кері айналып соғу шеңбері» принципі бойынша дамиды зақымданудың прогрессиясына әкеліп соғуы мүмкін.
- Мысалы: қан кеткенде пайда болатын оттегі тасымалдануының нашарлауы жүрек жетіспеушілігіне әкеледі, ал ол оттегінің тасымалдануының нашарлауын күшейтеді.

- ◎ *Жанаса отырып таралу* — микробтардың қабынған өкпеден плевраға әтіп, оны қабындыруы. Микробтар мен токсиндер негізінен тамырлармен таралады, оны *гематогендік жолмен таралу* деп атайды. Жүйке тармағы арқылы негізінен вирустар (құтыру) және токсиндер де (сіреспе) таралуы мүмкін.

Аурудың патогенезі негізінде емдеу жолдары.

- Дерт дамуында себеп-салдарлық арақатынасты ескеріп, патогенездің кептеген тізбектерінің ішінен негізгі тізбегін үзу арқылы емдеуді патогенездік терапия дейді. Мәселен, аурудың негізінде қабыну жатса, осы қабынуды емдеу қажет. Аурудың дамуы микроциркуляцияның, зат алмасудың, қышқылдық-негіздік үйлесімнің, иммундық жүйенің, нервтік, эндокриндік реттелулердің бұзылыстарының немесе гипоксияның негізінде болса, емдік шаралар соларға қарсы бағытталады. Көптеген аурулардың негізінде жасушалардың қабықтарында май қыш-қылдарының асқын тотығуы, фосфолипаза ферменттерінің ар-тық әсерленуі, иммундық үрдістердің артып кетуі жатады. Сол себептен бұл аурулар кездерінде антиоксиданттар, фосфолипаза-заның тежегіштері, иммундық модуляторлар қолданылады

Қорытынды:

- Аурулардың пайда болуының негізгі себебі организмнің ерекшелігіне байланысты, ал әр түрлі факторлар белгілі бір аурудың дамуына ғана әсер етеді. Сондықтан Этиология мәселесі сыртқы және ішкі ортамен тығыз байланыстыра отырып, адам организмінде туа және жүре пайда болатын күрделі физиол. өзгерістермен ұштастырыла зерттеледі. Патогенез аурудың этиологиясымен өте тығыз байланысты. Қандай да болмасын этиологиялық әсер әрқашан аурудың даму жолдарының басталуына әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Х.С. Жұмабеков., К.Ю. Дербышев. (Алматы – 2011)
- Жануарлар патологиясының негіздері: 5В120100-Ветеринариялық медицина және 5В120200 -Ветеринариялық санитария мамандықтарында оқитын студенттерге арналғаноқу құралы./ А.А. Тегза, А.К.Кунтуған - Қостанай, 2016,178 бет.
- .Салимов В. А. Практикум по патологической анатомии животных./В. А. Салимов.- М.: Колос, 2003
- Вирусология, иммунология, генетика, молекулалық биология. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1993 жыл. ISBN 5-630-0283-Х
- Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет.